



«Механика және технологиялар» ғылыми журналының жарияланған мақалаларын кері қайтару немесе түзету туралы нұсқаулық



Жарияланған мақаланы кері қайтару – жарияланған ақпаратты түзету және оқырмандарға жарияланымда сенуге болмайтын елеулі кемшіліктер немесе қате мәліметтер бар екендігі туралы хабарлау механизмі.

«Механика және технологиялар» ғылыми журналында жарияланған мақаланы түзетіп, кері қайтару негіздері:



Мақалада плагиат анықталғанда



Мақала (немесе оның елеулі бөлігі) бірнеше басылымда қайталанғанда



Мақалада ғылыми деректерді ойдан шығару немесе бұрмалану айқындалғанда



Мақалада оның ғылыми құндылығына күмән келтіретін елеулі қателіктер анықталғанда



Авторлар құрамында зерттеу жүргізуге және зерттеу мәтінін жазуға қатыспаған тұлғалар көрсетілгенде



Автор мен рецензенттің екеуара мүдделерінің бары ашылғанда



Автор рұқсатынсыз мақала қайта жарияланғанда



Мақала рецензиялау тәртібін өтпегенде



Ғылыми журналдың этикалық қағидаттарының өзге де бұзушылықтары анықталғанда



«Механика және технологиялар» журналындағы мақалаларды кері қайтару (ретракция) рәсімі:



Автордың немесе басқа да бір адамның мақалада ғылыми этиканы бұзу фактілерін ұсынған өтінішінен кейін журналдың редакциялық алқасы барлық қолда бар фактілер мен жарияланымның әдептілігін тексеру мүмкіндіктерін ескере отырып, жағдайды жан-жақты зерделеуді жүргізетін комиссия тағайындайды.



Мақаланы кері қайтару туралы шешім қабылдай отырып, редакция отырыс хаттамасында ретракцияның себебін, сондай-ақ кері қайтарылған күнін көрсетеді.



Комиссия мақаланың шағын бөлігінің (егер жалпы алғанда сапалы болса) бұрыстығын анықтаған жағдайда, комиссия отырысынан кейінгі келесі басылымда түзетілген мақала арнайы белгімен қайта шығарылады.



Редакция кері қайтарылған мақала авторларымен одан әрі ынтымақтастық жасауды өзі шешеді.